

«KazakhExport» Экспорттық-сақтандыру компаниясы» АҚ



KazakhExport

**«KazakhExport» Экспорттық-сақтандыру
компаниясы» АҚ**

2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айға
арналған аралық қысқартылған
қаржылық ақпарат

Мазмұны

Аралық қысқартылған қаржылық ақпаратты шолу тексерісі бойынша тәуелсіз аудиторлардың қорытындысы

Пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы аралық қысқартылған есеп 2-3

Қаржылық жағдай туралы аралық қысқартылған есеп 4

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы аралық қысқартылған есеп 5-6

Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы аралық қысқартылған есеп 7-8

Аралық қысқартылған қаржылық ақпаратқа ескертпелер 9-42



Қысқартылған аралық қаржылық ақпаратқа шолу бойынша есеп

«KazakhExport» Экспорттық-сақтандыру компаниясы» АҚ Акционеріне және Директорлар Кеңесіне:

Алғысөз

Біз «KazakhExport» Экспорттық-сақтандыру компаниясы» АҚ - ның (әрі қарай – «Компания») 2023 жылғы 30 маусымдағы қаржылық жағдайы туралы қысқартылған аралық есептілігіне және сәйкесінше аталған мерзімде аяқталған алты ай кезеңіндегі пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы қысқартылған аралық есептіліктеріне және тиісті түсініктеме ақпаратқа шолу жүргіздік. Басшылық аталған қысқартылған аралық қаржы ақпаратын «Аралық қаржылық есептілік» Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) 34 сәйкес дайындауға және ұсынуға жауапты. Біздің міндетіміз бізбен өткізілген шолып тексеру негізінде аталған қысқартылған аралық қаржылық ақпараты бойынша қорытынды ұсыну болып табылады.

Шолып тексерудің көлемі

Біз шолуымызды «Мекеменің тәуелсіз аудитормен орындалған аралық қаржылық ақпараттарына шолу» 2410 Халықаралық шолу өткізу стандартына сәйкес өткіздік. Қысқартылған аралық қаржы ақпаратына шолу негізінен қаржы және бухгалтерлік есеп мәселелеріне жауапты тұлғаларға сауалнама жүргізуден, сонымен қатар шолу бойынша аналитикалық және өзге рәсімдерді өткізуден тұрады. Шолып тексерудің көлемі Халықаралық аудит стандарттарға сәйкес орындалатын аудит көлемінен айтарлықтай аз, сондықтан шолу аудит өткізу барысында барлық маңызды мәселелер бізге мәлім болатындығына сенімді болуға мүмкіндік бермейді. Сол себепті біз өзіміздің аудиторлық пікірімізді білдірмейміз.

Қорытынды

Өткізілген шолу нәтижелері бойынша, ұсынылған қысқартылған аралық қаржылық ақпарат, барлық маңызды аспектілерінде, «Аралық қаржы есептілік» Халықаралық қаржылық есептілік стандартына (ХҚЕС) 34 сәйкес дайындалмағандығын сендіретін ешқандай негіздер біздің назарымызға түспеді.

PricewaterhouseCoopers LLP.

10 тамыз 2023 жыл

Алматы, Қазақстан

«ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС

Әл-Фараби даңғылы 34, ғимарат А, 4 қабат, Алматы, Қазақстан, A25D5F6

T: +7 (727) 330 32 00, Ф: +7 (727) 244 68 68, www.pwc.kz

		(Не аудировано) За шесть месяцев, закончившихся 30 июня 2023 года тыс. тенге	(Не аудировано) За шесть месяцев, закончившихся 30 июня 2022 года тыс. тенге
Выручка по страхованию	8	3,283,535	2,328,524
Расходы по страховым услугам	8	(3,850,891)	(8,534,240)
Чистые расходы по удерживаемым договорам перестрахования	8	(316,638)	(62,258)
Итого результат от страховой деятельности		(883,994)	(6,267,974)
Финансовые расходы по выпущенным договорам страхования		(1,275,858)	(553,024)
Финансовые доходы по выпущенным договорам страхования		362,106	13,546
Итого финансовые доходы/(расходы) от страховой деятельности		(913,752)	(539,478)
Процентные доходы, рассчитанные с использованием метода эффективной процентной ставки	9	8,251,252	5,550,606
Прочие процентные доходы	9	44,166	35,100
Чистый доход от изменения справедливой стоимости инвестиционных ценных бумаг, оцениваемых по справедливой стоимости, изменения которой отражаются в составе прибыли или убытка за период		18,833	7,938
Реализованный доход от изменения справедливой стоимости инвестиционных ценных бумаг, оцениваемых по справедливой стоимости, через прочий совокупный доход		-	8,235
Чистая прибыль/(убыток) от операций с иностранной валютой		(2,262,210)	6,195,056
Общие административные расходы		(844,579)	(699,177)
Убытки от обесценения финансовых активов		(20,303)	(118,029)
Прочий операционный расход, нетто		(38,333)	(74,603)
Прибыль до вычета подоходного налога		3,351,080	4,097,674
Расход по подоходному налогу	10	(198,967)	(1,117,359)
Прибыль за период		3,152,113	2,980,315

Прочий совокупный доход, за вычетом подоходного налога

Статьи, которые были реклассифицированы или могут быть впоследствии реклассифицированы в состав прибыли или убытка:

Резерв изменений справедливой стоимости:

- Чистое изменение справедливой стоимости

201,186 (2,274,816)

Прочий совокупный доход/(убыток) за период, за вычетом подоходного налога

201,186 (2,274,816)

Общий совокупный доход за период

3,353,299 705,499

Данная промежуточная сокращенная финансовая информация, представленная на страницах с 4 по 45, была утверждена руководством Компании 10 августа 2023 года, и подписана от его имени:


Калигазин А.Е.
Председатель Правления




Сарткожинова Ж.К.
Главный бухгалтер

		Аудиттелмеген 2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы	Аудиттелмеген 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы
	Ескерт пе	мың теңге	мың теңге
Сақтандыру бойынша кіріс	8	3,283,535	2,328,524
Сақтандыру қызметтері бойынша шығыстар	8	(3,850,891)	(8,534,240)
Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша таза шығыстар	8	(316,638)	(62,258)
Сақтандыру қызметінің нәтижесі		(883,994)	(6,267,974)
Шығарылған сақтандыру шарттары бойынша қаржылық шығыстар		(1,275,858)	(553,024)
Шығарылған сақтандыру шарттары бойынша қаржылық кірістер		362,106	13,546
Сақтандыру қызметінен түскен қаржылық кірістер/(шығыстар) жиыны		(913,752)	(539,478)
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер	9	8,251,252	5,550,606
Өзге пайыздық кірістер	9	44,166	35,100
Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеруінен түсетін таза кіріс		18,833	7,938
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеруінен іске асырылған кіріс		-	8,235
Шетел валютасымен жасалған операциялардан түскен таза пайда / (шығын)		(2,262,210)	6,195,056
Жалпы әкімшілік шығыстар		(844,579)	(699,177)
Қаржы активтерінің құнсыздануынан болған шығындар		(20,303)	(118,029)
Басқа операциялық шығын, нетто		(38,333)	(74,603)
Табыс салығын шегергенге дейінгі пайда		3,351,080	4,097,674
Табыс салығы бойынша шығыс	10	(198,967)	(1,117,359)
Кезеңдегі пайда		3,152,113	2,980,315

Табыс салығын шегергендегі

басқа жиынтық табыс

Қайта жіктелген немесе кейіннен пайда немесе залал ретінде қайта жіктелуі мүмкін баптар:

Әділ құн өзгерістерінің резерві:

- Әділ құнның таза өзгеруі

201,186

(2,274,816)

Табыс салығын шегергендегі

кезендегі өзге де жиынтық

табыс/(залал)

201,186

(2,274,816)

Кезең ішіндегі жалпы жиынтық

табыс

3,353,299

705,499

2-ден 42-ге дейінгі беттерде ұсынылған осы қысқартылған қаржылық ақпаратты Компания басшылығы 2023 жылғы 10 тамызда мақұлдады және оның атынан қол қойды:

_____/Қол қойды/_____

Калигазин А. Е.

Басқарма төрағасы

_____/Қол қойды/_____

Сарткожинова Ж.К.

Бас бухгалтер

Мөр: Қазақстан Республикасы Астана қаласы «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы акционерлік қоғамы



Перевод с русского языка на казахский язык выполнен
Центр языковых переводов ТОО «ЛТС» переводчиком
Зейниловой Найлей Бауржановной
Контакты: +77016588647

Я, Зейнилова Найля Бауржановна, настоящим подтверждаю, что ознакомилась с прилагаемым документом. Я также подтверждаю, что казахский перевод текста с русского языка, насколько я могу судить, является правдивым и точным. Я также подтверждаю, что я компетентна как на русском, казахском, так и на английском языках для предоставления и заверения такого перевода.

Первое октября две тысячи двадцать четвертого года.

Мен, Зейнилова Найля Бауржановна, қоса берілген құжатпен танысқанымды растаймын. Сондай-ақ мәтіннің орыс тілдерінен қазақ тіліне аудармасы менің білуімше шынайы және нақты екенін растаймын. Мен сондай-ақ осындай аударманы қамтамасыз ету және қуәландыру үшін орыс, қазақ және ағылшын тілдерін білетінімді растаймын. Қазанның бірі екі мың жиырма төртінші жыл.

«01» октября 2024 года, настоящий перевод удостоверен мной, Кененбаевым Ерланом Амангельдиновичем, нотариусом нотариального округа г. Астана, действующего на основании лицензии № 12008625, выданной 13 августа 2012 года, Министерством Юстиции Республики Казахстан.

Перевод сделан с русского на казахский язык известным мне переводчиком Зейниловой Найлей Бауржановной. Личность переводчика установлена, дееспособность проверена.

«01» қазан 2024 жыл, бұл аударманы мен, Астана қаласы нотариаттық округінің нотариусы Кененбаев Ерлан Амангельдинович, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2012 жылғы 13 тамызда берген № 12008625 лицензиясы негізінде жұмыс істеймін.

Орыс тілдерінен қазақ тіліне аударманы белгілі аудармашы Зейнилова Найля Бауржановна жасады. Аудармашының әсеке басы анықталып, оның әрекет қабілеттілігі тексерілді.



Зарегистрировано в реестре за / Тізілімде № болып тіркелген/ 1291

Взыскано: / Жуналған: 4061 тенге.

Нотариус:



ES0407142241001120401E22150C

Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия

Беті невідомі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АЯҚАУЫ

Классификация



«KazakhExport» Экспорттық-сақтандыру компаниясы» АҚ
 2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы аралық қысқартылған есеп

		Аудиттелмеген (Қайта қаралған)	
		2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы мың теңге	31 желтоқсан 2022 жыл мың теңге
Ескертпе			
АКТИВТЕР			
Қаражат және олардың баламалары	11	76,525,508	71,878,037
Банктердегі депозиттер	12	27,116,443	22,324,599
Инвестициялық бағалы қағаздар:			
- басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланады	13	24,211,073	25,201,794
- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын	13	15,819,314	18,210,256
- пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланады	13	822,411	808,847
Шығарылған сақтандыру шарттары бойынша активтер	14	355,582	241,865
Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша активтер	14	314,717	451,542
Регрессиялық талап бойынша дебиторлық берешек		1,970,948	2,128,650
Негізгі құралдар		104,860	113,379
Ағымдағы салық активі		220,939	349,716
Кейінге қалдырылған салық активтері		82,192	82,192
Басқа активтер		867,051	931,195
Барлық активтер		148,411,038	142,722,072
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Шығарылған сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	14	31,700,092	29,027,323
Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	14	173,842	137,661
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек		6,678	10,965
Басқа міндеттемелер		1,871,626	650,120
Барлық міндеттемелер		33,752,238	29,826,069
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	15	105,100,000	105,100,000
Қосымша төленген капитал		732,819	732,819
Тұрақтандыру резерві		114,222	136,042
Күтпеген тәуекелдер резерві	15	8,446,875	11,097,425
Бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеру резерві		(2,926,258)	(3,127,444)
Жинақталған пайда/ (шығын)		3,191,142	(1,042,839)
Барлық меншікті капитал		114,658,800	112,896,003
Барлық міндеттемелер мен меншікті капитал		148,411,038	142,722,072

2023 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айдағы ақша қаражаттарының қозғалысы туралы аралық қысқартылған есеп

	Аудиттелмеген 2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы мың теңге	Аудиттелмеген 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда мың теңге
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН ҚАРАЖАТТАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Табыс салығын шегергенге дейінгі пайда	3,351,080	4,097,674
<i>Түзетулер:</i>		
Тозу және амортизация	55,965	37,522
Қаржы активтерінің құнсыздануынан болған шығындар	20,303	118,029
Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеруінен түсетін таза кіріс	(18,833)	(7,938)
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеруінен іске асырылған кіріс	-	(8,236)
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер	(8,251,252)	(5,550,428)
Өзге пайыздық кірістер	(44,166)	(35,100)
Іске асырылмаған бағамдық айырмашылық	2,262,210	(6,195,056)
Операциялық қызметтен операциялық активтер мен міндеттемелердің өзгеруіне дейінгі ақша ағындары	(2,624,693)	(7,543,533)
Операциялық активтердің (ұлғайту)/азайту		
Банктердегі депозиттер	(6,548,399)	43,837,498
Шығарылған сақтандыру шарттары бойынша активтер	(112,449)	(148,074)
Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша активтер	136,825	(362,994)
Регрессиялық талап бойынша дебиторлық берешек	157,057	(1,936,053)
Басқа активтер	37,924	(420,554)
Операциялық міндеттемелерді ұлғайту/(азайту)		
Шығарылған сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	2,672,769	5,261,813
Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер	41,958	42,716
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек	(3,899)	(14,613)
Басқа міндеттемелер	(368,355)	(257,909)
Операциялық қызметтен алынған пайыздық кіріске және табыс салығын төлеуге дейінгі таза ақша қаражаты	(6,611,262)	38,458,297
Алынған пайыздық кіріс	8,048,307	5,548,430
Операциялық қызметтен түсетін ақша	1,437,045	44,006,727

2023 жылдың 30 маусымында аяқталған алты айдағы ақша қаражаттарының қозғалысы туралы аралық қысқартылған есеп

	Аудиттелмеген	Аудиттелмеген
	2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы мың теңге	2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда мың теңге
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН ҚАРАЖАТТАРДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Инвестициялық бағалы қағаздарды сатудан және өтеуден түсетін түсімдер	3,664,567	21,662,322
Борыштық бағалы қағаздарды сатып алу	-	(11,966,525)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	(21,285)	(16,244)
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының ағындары	3,643,282	9,679,553
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Төленген дивидендтер	-	(1,408,393)
Қаржы қызметінен түскен ақша		(1,408,393)
Ақша және оның баламаларының таза ұлғаюы	5,080,327	52,277,887
Валюта бағамдарының өзгеруінің ақша қаражаттары мен олардың баламаларына әсері	(432,856)	2,814,941
Кезең басындағы жағдай бойынша ақша қаражаттары және олардың баламалары	71,878,037	14,657,355
Жыл соңындағы жағдай бойынша ақша қаражаты және олардың баламалары (11-ескертпе)	76,525,508	69,750,183

	(Аудиттелмеген) Акционерлік капитал	(Аудиттелмеген) Қосымша төленген капитал	(Аудиттелмеген) Тұрақтандыр у резерві	(Аудиттелмеген) Күтпеген тәуекелдер резерві	(Аудиттелмеген) Әділ құн өзгерістерінің резерві	(Аудиттелмеген) Жинақталған пайда/ (шығын)	(Аудиттелмеген) Барлық меншікті капитал
мың теңге							
2023 жылғы 1 қаңтардағы қалдық (17 ХҚЕС қайта есептелді)	105,100,000	732,819	136,042	11,097,425	(3,127,444)	(1,042,839)	112,896,003
Жалпы жиынтық табыс							
Алты айдағы пайда	-	-	-	-	-	3,152,113	3,152,113
Өзге де жиынтық шығын							
Қайта жіктелген немесе кейіннен пайда немесе залал ретінде қайта жіктелуі мүмкін баптар:							
Әділ құнның таза өзгеруі	-	-	-	-	201,186	-	201,186
Барлық басқа жиынтық шығындар	-	-	-	-	201,186	-	201,186
Алты айдағы жалпы жиынтық табыс	-	-	-	-	201,186	3,152,113	3,353,299
Меншік иелерімен тікелей меншікті капитал құрамында көрсетілген операциялар							
Дивидендтер (15-ескертпе)	-	-	-	-	-	(1,590,502)	(1,590,502)
Күтпеген тәуекелдер резервінен аудару (16-ескертпе)	-	-	-	(2,650,550)	-	2,650,550	-
Тұрақтандыру резервінен аударым	-	-	(21,820)	-	-	21,820	-
Меншік иелерімен жасалған барлық операциялар	-	-	(21,820)	(2,650,550)	-	1,081,868	(1,590,502)
2023 жылғы 30 маусымдағы қалдық	105,100,000	732,819	114,222	8,446,875	(2,926,258)	3,191,142	114,658,800

	(Аудиттелмеген) Акциянерлік капитал	(Аудиттелмеген) Қосымша төленген капитал	(Аудиттелмеген) Тұрақтандыр у резерві	(Аудиттелмеген) Күтпеген тәуекелдер резерві	(Аудиттелмеген) Әділ құн өзгерістерінің резерві	(Аудиттелмеген) Жинақталған шығын	(Аудиттелмеген) Барлық меншікті капитал
мың теңге							
2021 жылғы 31 желтоқсанға қалдық	105,100,000	732,819	240,259	14,941,834	(1,058,889)	(5,742,081)	114,213,942
ХҚЕС 17 көшудің әсері	-	-	-	-	-	(3,492,445)	(3,492,445)
2022 жылғы 1 қаңтардағы қалдық (қайта есептелген)	105,100,000	732,819	240,259	14,941,834	(1,058,889)	(9,234,526)	110,721,497
Жалпы жиынтық табыс							-
Алты айдағы пайда	-	-	-	-	-	2,980,315	2,980,315
Өзге де жиынтық кіріс							-
Қайта жіктелген немесе кейіннен пайда немесе залал ретінде қайта жіктелуі мүмкін баптар:							-
Әділ құнның таза өзгеруі	-	-	-	-	(2,274,816)	-	(2,274,816)
Барлық басқа жиынтық табыс	-	-	-	-	(2,274,816)	-	(2,274,816)
Алты айдағы жалпы жиынтық табыс	-	-	-	-	(2,274,816)	2,980,315	705,499
Меншік иелерімен тікелей меншікті капитал құрамында көрсетілген операциялар							
Дивидендтер (15-ескертпе)	-	-	-	-	-	(1,408,393)	(1,408,393)
Күтпеген тәуекелдер резервінен аудару (16-ескертпе)	-	-	-	(4,000,205)	-	4,000,205	-
Тұрақтандыру резервінен аударым	-	-	(104,217)	-	-	104,217	-
Меншік иелерімен жасалған барлық операциялар	-	-	(104,217)	(4,000,205)	-	2,696,029	(1,408,393)
2022 жылғы 30 маусымдағы қалдық	105,100,000	732,819	136,042	10,941,629	(3,333,705)	(3,558,182)	110,018,603

1 Есеп беретін кәсіпорын

(а) Ұйымдық құрылымы және қызметі

«KazakhExport» Экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі - «Компания») - Қазақстан заңнамасына сәйкес 2003 жылы Қазақстан Республикасында құрылған акционерлік қоғам.

Компанияның Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі - «ҚНРДА») берген 2022 жылғы 24 қарашадағы № 2.1.13 сақтандыру және қайта сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар. Бұл лицензия компанияға мыналарды жүзеге асыруға мүмкіндік береді:

1. сақтандырудың ерікті нысанындағы сақтандыру қызметі:

- 1) кепілдіктер мен кепілгерліктерді сақтандыру;
- 2) басқа қаржылық шығындардан сақтандыру;
- 3) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 3-тармағының 13), 14), 15) және 16) тармақшаларында көрсетілген кластарды қоспағанда, қаржы ұйымдарының шығындарын сақтандыру;
- 4) қарыздарды сақтандыру;
- 5) Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» 6-бабы 3-тармағының 9), 10), 11), 11-1) және 11-2) тармақшаларында көрсетілген кластардан басқа азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру; сонымен қатар

2. Қайта сақтандыру жөніндегі қызмет.

Компанияның стратегиялық даму бағыттарына экспортты қолдау құралдарын жетілдіру, экспорттаушылар санын ұлғайту үшін жағдай жасау және операциялық тиімділікті арттыру кіреді.

Компанияның заңды және нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Z05T2H3, Нұр-Сұлтан Қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 55А.

(б) Акционер

2023 жылғы 30 маусымдағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Бұдан әрі «Бас кәсіпорын» деп аталатын «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» шығарылған акциялардың 100% иеленеді. Компанияның түпкілікті акционері - Қазақстан Республикасының Үкіметі. 2013 жылғы 29 мамырдағы №299-және акциялар пакетін беру туралы шартқа сәйкес компанияның акциялар пакеті «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ сенімгерлік басқаруға берілді. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ «Даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы №571 Жарлығымен құрылды.

2023 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша компания қызметкерлерінің саны 101 қызметкерді құрады (2022 жылғы 31 желтоқсан: 100 қызметкер).

(в) Қазақстан Республикасында шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттары

Тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасында дамып келе жатқан нарықтарға тән кейбір өзіндік ерекшеліктер көрініс таппай отырған жоқ. Ол ел экспортының негізгі бөлігін құрайтын мұнай мен газ және басқа да минералдық шикізат бағаларының ауытқуларына ерекше сезімтал. Бұл ерекшеліктер сонымен қатар елден тыс жерде еркін айырбасталмайтын ұлттық валютаның болуын және бағалы қағаздар нарығы өтімділігінің төмен деңгейін қамтиды, бірақ олармен шектелмейді. Жоғары инфляция, айырбас бағамының құбылмалылығы өтімділікті төмендетуді және халықаралық қаржыландыруды тарта отырып қиындықтар туғызуды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасына теріс әсер етті және жалғастыра алады.

2023 жылдың алты айының қорытындысы бойынша инфляцияның жылдық мәні 14,6% құрады (2022: инфляция деңгейі-20,3%).

Сыртқы инфляция баяулауды жалғастырады, бірақ тұрақты болып қалады. Бұл азық-түлік пен энергияның әлемдік бағасының төмендеуі аясында орын алады. Алайда, инфляцияның тұрақтылығына және оның мақсатты белгілерден ұзағырақ сақталуын күтуге байланысты кейбір орталық банктер ақша-несие шарттарын қатайтуды жалғастыруда. АҚШ ФРЖ мен ЕОБ риторикасы қатайып, негізгі ставкалардың одан әрі жоғарылауы туралы сигнал берді. Реттеушілер саясаты қытай экономикасының баяу қалпына келуі жағдайында әлемдік рецессиядан қорқуды арттырды және мұнай бағасына қысым жасайды. Мұнай нарығында құбылмалылық байқалады, соның салдарынан мұнайдың бағасы қазіргі уақытта базалық сценарийде белгіленген 2023 жылғы орташа барреліне 82 АҚШ доллары деңгейінен төмен болып тұр, деп атап өтті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде (бұдан әрі - ҚР ҰБ).

2 Есепке алу негіздері

(а) Қолданылатын стандарттарға сәйкестігі туралы өтініш

Осы қысқартылған аралық қаржылық ақпарат 34 «Аралық қаржылық есептілік» ХҚЕС (IAS) сәйкес дайындалды. Осы қысқартылған аралық қаржылық ақпараттың құрамына компанияның қаржылық жағдайындағы өзгерістерді және 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдық есепті кезеңнен кейін болған оның қызметінің нәтижелерін түсіну үшін қажетті елеулі оқиғалар мен операцияларды түсіндіретін таңдалған ескертпелер енгізілді.

Бұл аралық қысқартылған қаржылық ақпарат Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалған толық жылдық есептілік үшін ашылуы талап етілетін толық ақпаратты қамтымайды.

(б) Бағалау мен пайымдауды қолдану

Осы қысқартылған аралық қаржылық ақпаратты дайындау кезінде басшылық есеп саясатын қолдануға және қысқартылған аралық қаржылық ақпаратта ұсынылған активтер мен міндеттемелердің, кірістер мен шығыстардың мөлшеріне әсер ететін кәсіби пайымдауларды, жорамалдар мен есептік бағалауларды пайдаланды. Нақты нәтижелер көрсетілген бағалаулардан өзгеше болуы мүмкін.

Компанияның есеп саясатын қолдану кезінде басшылық қалыптастырған ең маңызды пайымдаулар және есептік бағалауға қатысты белгісіздіктің негізгі көздері осы ескертпеде ашылғандарды қоспағанда, соңғы жылдық қаржылық есептілікте сипатталғандарға ұқсас.

(в) Қаржылық көрсеткіштерді бағалау қағидаттары

Аралық қысқартылған қаржылық ақпарат әділ құн бойынша пайда немесе залал арқылы және әділ құн бойынша көрсетілген басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарын қоспағанда, нақты шығындар бойынша есепке алу қағидатына сәйкес дайындалады.

(г) Функционалдық валюта және қаржылық есептілік деректерін ұсыну валютасы

Компанияның функционалдық валютасы-бұл Компания өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық ортаның валютасы. Компанияның функционалдық валютасы және Компанияның есептілігін ұсыну валютасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - Қазақстан теңгесі («теңге») болып табылады.

3 Есеп саясатының негізгі ережелері

Төмендегі стандарттар мен интерпретациялық түзетулер компания үшін 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданыла бастады:

- 2023 жылғы 1 қаңтарда Компания 17 «Сақтандыру шарттары» ХҚЕС (IFRS) қолданды. Төмендегі бөлімдер есеп саясатына енгізілген өзгерістерді толығырақ түсіндіреді.

I. Анықтамасы және жіктелуі

Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының жіктемесін Компания жүргізеді:

- 1) Компанияның есебінде бастапқы тану кезінде;
- 2) оны жетілдірген жағдайда;
- 3) сақтандыру портфелін Компанияға беру кезінде;
- 4) «Сақтандыру шарттары» ХҚЕС (IFRS) 17 көшу кезінде.

Есепке алу мақсатында Компания шартты сақтандыру шарты ретінде жіктейді, егер ол бойынша Компания полис ұстаушыдан осы Шарт бойынша Компания үшін шығынға әкеп соғуы мүмкін елеулі сақтандыру тәуекелін берсе ғана.

Шарт, егер компания тарапынан шығын туындауы мүмкін коммерциялық мазмұны бар кем дегенде бір сценарий болған жағдайда, яғни келтірілген құн негізінде ақша қаражатының түсімінен асатын ақша қаражатының шығуы 10% немесе одан да көп болған жағдайда ғана елеулі сақтандыру тәуекелін берген болып есептеледі.

Жіктеуді жүргізу қорытындылары бойынша Компания сақтандыру шарттарының заңды нысанында жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын мыналарға бөледі:

- 1) «Сақтандыру шарттары» ХҚЕС (IFRS) 17 талаптарына сәйкес сақтандыру ретінде жіктелген сақтандыру шарттары;
- 2) «Сақтандыру шарттары» ХҚЕС (IFRS) 17 талаптарына сәйкес сақтандыру ретінде жіктелген ұсталатын қайта сақтандыру шарттары.
- 3) 17 «Сақтандыру шарттары» ХҚЕС (IFRS) талаптарына сәйкес сақтандыру ретінде жіктелген шығарылған қайта сақтандыру шарттары.

Компания шығарған барлық шарттар ХҚЕС (IFRS) 17 қолдану аясына жатады.

II. Сақтандыру шарттарын біріктіру деңгейі

Компания сақтандыру шарттары мен шығарылған қайта сақтандыру шарттарының портфельдерін сақтандыру ережелері мен сақтандыру түрлерінің комбинациясы бөлігіндегі тәуекелдер ұқсастығының белгілері негізінде, сондай-ақ андеррайтинг, әкімшілендіру, шығындарды реттеу тұрғысынан сақтандыру шарттары мен шығарылған қайта сақтандыру шарттарын басқару тәсілдерін ескере отырып айқындайды.

Бизнестің ерекшелігіне байланысты Компания әр шарттың шығындарын жеке негізде андеррайтинг, әкімшілендіру және реттеу жүргізеді. Осыған байланысты Компания портфель бір сақтандыру шартынан немесе ұсталатын (шығарылған) қайта сақтандыру шартынан тұратынын, ал есепке алу бірлігі шарт болып табылатынын анықтады.

Бағалаудың жалпы моделімен (GMM) бағаланатын шарттар үшін Компания нақтылау деңгейін анықтады оның негізінде ақша ағындары құрылады және жеке сақтандыру шарты деңгейіндегі шарттардың кірістілігі талданады.

Сақтандыру шарты, егер оны орындау бойынша ақша ағындары, шартты сатып алудан бұрын танылған кез келген ақша ағындары және бастапқы тану күніне шарт бойынша туындайтын кез келген ақша ағындары тұтастай алғанда таза шығуды білдірсе, бастапқы тану күніне

ауыртпалық болып табылады. Ауыр сақтандыру шарттарынан болған залал пайда немесе залал құрамында дереу танылады.

Сыйлықақыны бөлу тәсілімен (РАА) бағаланатын шарттар үшін Компания егжей-тегжейлі деңгейді анықтады, оның негізінде сыйлықақы жеке сақтандыру шарты деңгейінде бөлінеді. Осы шарттар үшін олар бастапқы танылған кезде Компания ауыртпалық белгілерінің болуын көрсететін фактілер мен жағдайларды талдайды, сонымен қатар тиісті фактілер мен жағдайлардың өзгеру ықтималдығын талдай отырып, бастапқы тану кезінде ауыртпалық тудырмайтын шарттардың кейіннен ауыртпалыққа айналу ықтималдығының жоқтығын анықтайды.

Есепті күнге ауыртпалықты сақтандыру шарттары қарыздарды сақтандыру класы бойынша ғана қатысады.

III. Бастапқы тану

ХҚЕС (IFRS) 17 талаптарына сәйкес сақтандыру шартын қарастырмас бұрын, Компания басқа стандарттарды қолдану саласына жататын құрамдас бөліктерді, егер олар жеке шарттар болса, сәйкестендіру үшін шарттарға талдау жүргізеді.

17 ХҚЕС (IFRS) компоненттердің оларды бөлек ескеру қажет болатын үш санатын бөліп көрсетеді:

- бөліп алынуы қажет кірістірілген туынды құралдарға қатысты ақша ағындары;
- инвестициялық құрамдас бөлікке жататын ақша ағындары; және
- полис ұстаушыға сақтандыру шарты бойынша қызмет болып табылмайтын айрықша тауарларды немесе қызметтерді беруге уәде беру.

Компания шарттың барлық басқа компоненттеріне 17 ХҚЕС (IFRS) қолданады. Компанияда сақтандыру шарттарын одан әрі бөлуді немесе біріктіруді талап ететін шарттар жоқ.

17 ХҚЕС (IFRS) талаптарына сәйкес сақтандыру шартын есепке алу және бағалау әдісін таңдау үшін Компания шарттардың шекараларын бағалауды жүргізеді. Шарттың шекаралары бір жылдан асатын шарттар үшін Компания келісімшарттарды орындау бойынша ақша ағындарының айтарлықтай өзгергіштігінің болуын талдау және GMM қолданудан РАА қолдану нәтижесінің айтарлықтай айырмашылықтарын талдау арқылы сыйлықақыларды бөлу әдісінің қолданылуына тест жүргізеді.

Шарттарды орындау бойынша ақша ағындарының айтарлықтай өзгергіштігі және GMM қолданудан РАА қолдану нәтижесінің айтарлықтай айырмашылықтары болмаған жағдайда, Компания РАА әдісін қолданады. Шарттар бойынша жүргізілген тест қорытындылары бойынша Компания қарыздарды сақтандырудан өзге РАА әдісін қолданады.

Шығарылған сақтандыру шарты бастапқыда (i) сақтандыру қорғаудың басталу күнінен, (ii) полис ұстаушыдан бірінші төлемді төлеу мерзімі келетін күндер немесе (iii) ауыртпалықты шарт үшін - шарт ауыртапалықты шартқа айналатын күннен бастап танылады.

IV. Сақтандыру шарттарын, шығарылған және ұсталатын қайта сақтандыру шарттарын бағалау тәсілі.

1. Қарыздарды сақтандыру шарттары.

а) қалған сақтандыру өтемі бойынша міндеттемелер

Компания GMM әдісін қолдана отырып, қарыздарды сақтандыру шарттарын бағалайды, қарыздарды сақтандырудан басқа шарттар және шығарылған қайта сақтандыру шарттары РАА әдісімен бағаланады. GMM сәйкес сақтандыру шарты бастапқыда келісімшарттарды (оған болашақ ақша ағындары, ақшаның уақытша құнына түзету және болашақ ақша ағындарына байланысты қаржылық тәуекелдер, сондай-ақ қаржылық емес тәуекелге түзету кіреді) орындау бойынша ақша ағындарының сомасы және қарастырылған қызметтер үшін маржа ретінде бағаланады (CSM; сақтандыру шарттары бойынша қызмет көрсету кезінде танылатын табылмаған пайда).

Әрбір келесі есепті кезеңнің соңында сақтандыру шартының баланстық құны қайта бағаланады және соманы білдіреді:

болашақ қызметтерге қатысты орындауға ақша ағынын және осы күнге шарт бойынша көзделген қызметтер үшін маржаны біріктіретін қалған сақтандыру өтемі бойынша активтер немесе міндеттемелер; және

осы күнге шартқа жатқызылған өткен қызметтерге қатысты орындалуға ақша ағыны ретінде бағаланатын келтірілген залалдар бойынша активтер немесе міндеттемелер.

Компания әрбір шарт бойынша ақша ағындарын бағалауды мынадай күтілетін көрсеткіштер негізінде жүргізеді:

- Дефолт ықтималдығы (PD) контрагенттің несиелік ұпайына байланысты анықталады. Компанияның дефолт статистикасының жеткіліксіздігіне байланысты несиелік рейтингті анықтау үшін халықаралық рейтингтік агенттіктердің рейтингтік әдістері қолданылады. Рейтингтік әдістер рейтингтік комитеттер рейтингтерді тағайындау үшін қолданатын аналитикалық негізді сипаттайды. Олар белгілі бір саладағы несиелік тәуекелді бағалау үшін ең маңызды болып табылатын негізгі сапалық және сандық сипаттамаларды сипаттайды.
- Дефолт жағдайында шығын (LGD). Кепіл заемдары бойынша LGD ҚРҰБ №269 қағидаларында берілген кепілді қамтамасыз ету жөніндегі ақпаратқа және өтімділік коэффициенттеріне сәйкес есептеледі. Кепілсіз қарыздар бойынша LGD 100% - ға тең.
- Тәуекелге ұшырайтын сома (EAD) есепті күнге туындаған залалдар бойынша міндеттеме шеңберінде қалыптастырылған кезекті төлемдер бойынша мәлімделген, бірақ реттелмеген залал сомасына азайтылған есепті күнге негізгі борыштың қалдығын білдіреді.
- Сақтандыру шартының бірлігіне шарттарды тартуға және сүйемелдеуге арналған шығыстар жүйелі және ұтымды негізде бөлінеді. Компанияда сақтандыру шарттары бойынша тікелей аквизициялық ақша ағындары жоқ. Жанама аквизициялық ақша ағындарын компания шарттарды сүйемелдеу шығындары деп таниды.
- Компания дефолт ықтималдығын, шартты бұзуды және шарттарды сүйемелдеу шығындарын индекстеуді ескере отырып, дисконтталған ақша ағындарын бағалайды.

б) пайда болған шығындар бойынша міндеттемелер

Қарызды сақтандыру шарттарында (PD=100%) дефолт белгілері болған кезде Компания қалған өтем бойынша міндеттемені тануды тоқтатады және дефолт (LGD) және залалдарды реттеуге арналған шығыстар жағдайында күтілетін залалдар сомасына туындаған залалдар

бойынша қосымша міндеттеме (МЗРҚ) қалыптастырады. Бұл ретте шарт бойынша қарызды сақтандыру шартын «қалпына келтіру» (дефолттан шығу) кезінде залал туралы өтінішті кері қайтарып алу салдарынан туындаған залалдар бойынша міндеттемені тану тоқтатылады және қалған өтем бойынша міндеттеме қайтадан қалыптастырылады.

Негізгі борыш қалдығының толық сомасына залал мәлімделген кезде Компания қалған өтем бойынша міндеттемені тануды тоқтатады және негізгі борыш қалдығының сомасына туындаған залалдар бойынша қосымша міндеттеме қалыптастырады. Компанияның мәлімделген реттелмеген шығындар резервін қалыптастыруға қатысты әдістемесі ХКЕС (IFRS) 4-пен салыстырғанда өзгеріссіз қалады. МЗРҚ залалды өтеуге және кепілмен қамтамасыз етуді іске асыруға байланысты кіріс ақша ағындарын есепке алмағанда мерзімі өткен төлем сомасына не негізгі борыш қалдығының сомасына қалыптасатындықтан, Компания тәуекелдік түзетуді қалыптастырмайды және тиісінше тәуекелдік түзетуге келтірілген залалдар бойынша міндеттемені ұлғайтпайды.

Компания шығындарды реттеу кезеңінде бір жылға дейінгі дисконттау әсерінің маңыздылығын ескере отырып, пайда болған шығындар бойынша міндеттемені бағалау кезінде ақшаның уақытша құнын есепке алмайды.

2. Сақтандыру шарттары Қарыздарды сақтандыру шарттарынан өзгеше.

а) қалған сақтандыру өтемі бойынша міндеттемелер

Компания осы төлемдерді шығыстар және осы күнге тануды тоқтату нәтижесінде туындайтын кез келген сомалар ретінде тануға шешім қабылдаған жағдайлардан басқа: (i) аквизициялық ақша ағындарына қатысты кез келген актив; және (ii) шарттардың осы тобына байланысты ақша ағындарына қатысты бұрын танылған кез келген басқа актив немесе міндеттемеден басқа РАА әдісімен қалған сақтандыру бойынша міндеттемелер алынған сыйлықақылар бойынша бастапқы тану кезінде осы күнге аквизициялық ақша ағындарын шегергенде бағаланады. Компанияда сақтандыру шарттары бойынша тікелей аквизициялық ақша ағындары жоқ.

Сақтандыру сомасы азаятын шарттар бойынша Компания кірісті бағалау кезінде тәуекелді уақыт бойынша бөлу моделін ескереді.

б) пайда болған шығындар бойынша міндеттемелер

Компанияның МЗРҚ қатысты әдістемесі ХКЕС 4-пен (IFRS) салыстырғанда өзгеріссіз қалады. МЗРҚ залалды өтеуге және кепілмен қамтамасыз етуді іске асыруға байланысты кіріс ақша ағындарын есепке алмағанда мерзімі өткен төлем сомасына не негізгі борыш қалдығының сомасына қалыптасатындықтан, Компания тәуекелдік түзетуді қалыптастырмайды және тиісінше тәуекелдік түзетуге келтірілген залалдар бойынша міндеттемені ұлғайтпайды.

Компания шығындарды реттеу кезеңін бір жылға дейін ескере отырып, пайда болған шығындар бойынша міндеттемені бағалау кезінде ақшаның уақытша құнын есепке алмайды.

3. Қарызды сақтандыру шарттары бойынша шығарылған қайта сақтандыру шарттары және қарыздарды сақтандыру шарттарынан басқалары

а) қалған сақтандыру өтемі бойынша міндеттемелер

Компания қайта сақтандыру шартымен жабылатын базалық сақтандыру шарттары бойынша РАА қолдану сынағын өткізу нәтижесінде GMM қолданудан РАА қолдану нәтижесінің елеулі айырмашылықтары жоқ болатын бір жылдан астам шекара мерзімі бар қайта сақтандыру шарттары бойынша РАА әдісімен қалған сақтандыру өтемі бойынша міндеттемелерді бағалайды.

РАА әдісімен қалған сақтандыру өтемі бойынша міндеттемелер, Компания осы төлемдерді шығыстар және осы күнге тануды тоқтату нәтижесінде туындайтын кез келген сомалар ретінде тануға шешім қабылдаған жағдайлардан басқа, ақылы қайта сақтандыру

сыйлықақылары бойынша күнге аквизициялық ақша ағындарын (цеденттік комиссияларды) шегергендегі бастапқы тану кезінде бағаланады: (i) аквизициялық ақша ағындарына қатысты кез келген актив; және (ii) осы шартқа байланысты ақша ағындарына қатысты бұрын танылған кез келген басқа актив немесе міндеттеме. Компания шығарылған қарыздарды қайта сақтандыру шарттары бойынша қалған сақтандыру өтемі бойынша міндеттемелерді қайта сақтандырушының кредиттік тәуекел сомасына азайтады.

б) пайда болған шығындар бойынша міндеттемелер

Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары бойынша МҚРҚ-ға қатысты Компанияның әдіснамасы 4 ХҚЕС-пен (IFRS) салыстырғанда өзгеріссіз қалады. МЗҚР мерзімі өткен төлемдегі қайта сақтандырушының үлесінің сомасына не сақтанушыдан шығынды өтеуге және кепілді қамтамасыз етуді іске асыруға байланысты кіріс ақша ағындарын есепке алмағанда негізгі борыштың қалдығы сомасындағы қайта сақтандырушының үлесіне қалыптастындықтан, Компания тәуекелдік түзетуді қалыптастырмайды және тиісінше тәуекелдік түзетуге туындаған залалдар бойынша міндеттемені ұлғайтпайды.

Компания шығындарды реттеу кезеңін бір жылға дейін ескере отырып, пайда болған шығындар бойынша міндеттемені бағалау кезінде ақшаның уақытша құнын есепке алмайды.

Компания Шарттың түріне байланысты бағалаудың әртүрлі тәсілдерін қолданады, атап айтқанда:

	Жіктеу	Бағалау тәсілі
Шығарылған сақтандыру шарттары және шығарылған қайта сақтандыру шарттары		
Қарыздарды сақтандыру	«Сақтандыру шарттары» ХҚЕС (IFRS) 17 талаптарына сәйкес сақтандыру ретінде жіктелген сақтандыру шарттары;	Бағалаудың жалпы моделі
Басқа қаржылық шығындардан сақтандыру Қаржы ұйымдарының шығындарын сақтандыру Басқа да ерікті сақтандыру	«Сақтандыру шарттары» ХҚЕС (IFRS) 17 талаптарына сәйкес сақтандыру ретінде жіктелген сақтандыру шарттары;	Сыйлықақыларды бөлу әдісі
Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары		
Барлық сақтандыру сыныптары	Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары	Сыйлықақыларды бөлу әдісі

V. Қаржылық кірістер және сақтандыру бойынша шығыстар

Қаржылық кірістер немесе сақтандыру бойынша шығыстар мыналардың нәтижесінде пайда болатын сақтандыру шарттары тобының баланстық құнының өзгеруін білдіреді:

- ақшаның уақытша құнының әсері және ақшаның уақытша құнының өзгеруі; және

- қаржылық тәуекелдің әсері және қаржылық тәуекелдің өзгеруі;

Компания сақтандыру қызметтерін көрсету нәтижесіне қатысты сомаға және сақтандыру бойынша қаржылық табыстарға немесе шығыстарға қатысты сомаға қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзетудің өзгеру шамасын бөлшектейді.

Компания қаржылық кірістерді немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) бойынша шығыстарды есепті кезеңдегі пайда немесе залал құрамына қосады.

Шетел валютасындағы ақша ағындарының пайда болуына әкелетін сақтандыру шарттарына 21 «Валюталық бағамдар өзгерістерінің әсері» ХҚЕС (IAS) қолданған кезде Компания шартта көзделген қызметтер үшін маржаны қоса алғанда, осы шарттарды монетарлық бап ретінде ескереді.

Есепті кезеңнің соңында шартта көзделген қызметтер үшін маржаны қоса алғанда, сақтандыру шарттарының баланстық құны жабу бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Компания «Сақтандыру шарттары бойынша қаржылық шығыстар» құрамындағы туындаған бағамдық айырмашылықтарды ұсынууды таңдады.

4 Елеулі пайымдаулар

Басшылық елеулі пайымдауларды қолданатын салалар:

1. Компания контрагенттің қол жетімді қаржылық есептілігі болмаған кезде және контрагенттің дефолт белгілерін анықтаған кезде сапалық көрсеткіштерді, сондай-ақ сандық көрсеткіштерді белгілеу кезінде пайымдауларды қолданады. Бұл көрсеткіштер контрагенттің несиелік рейтингін және сәйкесінше міндеттемелерді бағалаудың негізгі факторы болып табылатын PD көрсеткіштерін анықтайды.
2. Компания GMM орнына PAA әдісін қолданатын келісімшарттың шекарасы бір жылдан асатын сақтандыру келісімшарттары үшін Компания осы тәсілдің қолданылуына тест жүргізуі керек. Мысалы, бағалау айтарлықтай ерекшеленетін шекті анықтау кезінде пайымдаулар қажет болуы мүмкін. Компания GMM әдісімен міндеттемемен салыстырғанда салыстырмалы шамада 10% мән шегін анықтады.
3. Күтілетін залалдылықтың аралас коэффициентіне қатысты пайымдаулар PAA әдісімен бағаланатын шарттар үшін ауыртпалық белгілерінің бар екендігін куәландыратын фактілер мен мән-жайларды талдауда және бастапқы тану кезінде ауыртпалық болып табылмайтын шарттардың кейіннен ауыртпалыққа айналу ықтималдығының жоқтығын бағалауда қолданылады.
4. Болашақ ақша ағындарын есептік бағалау кезінде Компания шарттарды орындауға байланысты шығындар баптарын, сондай-ақ тұрақты және ауыспалы үстеме шығыстардың шарттарды орындауға тікелей байланысты дәрежесін анықтау үшін шығыстарға талдау жүргізуі керек. Пайымдаулар қызметкерлерді сақтандыру шарттарын орындауға байланысты бизнес-процестерге тарту дәрежесін айқындау, сондай-ақ сақтандыру шарттары бойынша осы шығыстарды жүйелі және ұтымды бөлу әдістерін айқындау кезінде қолданылады.
5. 17 ХҚЕС-ке көшу үшін қолданылатын әдістерді анықтау кезінде. Мысалы: Компания көшу күніндегі барлық қолданыстағы сақтандыру шарттары бойынша ақылға қонымды және расталатын ақпараттың көп бөлігі ретроспективті тәсілге мүмкіндігінше жақын өзгертілген ретроспективті тәсілді қолдану үшін қолжетімді екенін анықтады. Тиісінше, Компания әрбір сақтандыру шартын және Акционерлік ақша ағындарына қатысты әрбір активті әрдайым 17 ХҚЕС қолданғандай мойындады және бағалады және 17 ХҚЕС әрқашан қолданылса, болмайтын кез келген бар қалдықтарды тануды тоқтатты және алынған меншікті капиталдағы кез келген таза айырмашылықты көрсетті.

5 Есептік бағалау және болжамдар

Төменде есептелген бағалаулар мен болжамдардың мысалдары келтірілген:

1. Дисконттау мөлшерлемесі.

«Жоғарыдан төменге» тәсілі ХҚЕС (IFRS) 17 қолдану саласына қатысты барлық басқа шарттардың базалық баптары бойынша кірістілікке байланысты өзгермейтін ақша ағындарын дисконттау мөлшерлемелерін анықтау үшін пайдаланылды. Бұл тәсілде дисконттау мөлшерлемесі активтердің эталондық портфелі мен ақша ағындары бойынша тиісті міндеттемелер арасындағы айырмашылыққа түзетілген эталондық портфельдің әділ құнына салынған кірістілік ретінде айқындалады. Эталондық портфель компанияның есепті күнгі портфелі негізінде жасалды және нарықта қол жетімді мемлекеттік және корпоративтік облигациялардың жиынтығын қамтиды. Кірістілік қисығы күтілетін және күтпеген (күтпеген) несиелік тәуекелді жою үшін түзетілді.

Бір күнтізбелік жыл ішінде шығарылған шарттар үшін бастапқы тану сәтінде бағалау кезінде оңайлату мақсатында тиісті күнтізбелік жылдың басындағы жағдай бойынша дисконттау мөлшерлемелерінің қисықтары қолданылды. 2. Қаржылық емес тәуекелдің тәуекелдік түзетілімі

Қаржылық емес тәуекелге тәуекелді түзетуді есептеу үшін келісімшарттың мерзімін, контрагенттің несиелік ұпайын және LGD деңгейін ескере отырып, дефолт ықтималдығы мен дефолт шығынын стохастикалық модельдеу әдісі қолданылды. Тәуекелді түзету сенімгерлік интервал дәрежесімен 75% - ға тең анықталады.

6 Сақтандыру тәуекелдерін басқару

Бұл бөлімде сақтандыру тәуекелдері және Компанияның тәуекелдерді басқару тәсілі туралы жалпы ақпарат берілген.

(a) Тәуекелдерді басқару мақсаттары және сақтандыру тәуекелін азайту саясаты

Компанияның сақтандыру тәуекелін басқару-бұл қызметтің маңызды аспектісі.

Компания жүзеге асыратын сақтандыру және қайта сақтандыру қызметі тікелей тәуекелге ұшыраған адамдар немесе ұйымдар тарапынан шығын тәуекелін қабылдауды көздейді. Мұндай тәуекелдер сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде туындауы мүмкін мүлікке, міндеттемелерге, жазатайым оқиғаларға, жүк тасымалына, қаржылық немесе басқа тәуекелдерге жатады. Осылайша, Компания келісімшарт бойынша талаптардың мерзімі мен ауырлығына қатысты белгісіздік қаупіне ұшырайды.

Компания өзінің сақтандыру тәуекелін сақтандыру сомасын шектеу, жаңа өнімдерді қамтитын немесе белгіленген лимиттерден асатын операцияларды мақұлдау процедуралары, баға нұсқаулықтары, қайта сақтандыруды орталықтандырылған басқару және туындаған мәселелерді бақылау арқылы басқарады.

Ықтималдық теориясы сақтандыру шарттары бойынша бағаларды анықтау және резервтерді есептеу үшін қолданылады. Негізгі тәуекел-шағымдардың жиілігі мен мөлшері күткеннен де маңызды болады. Сақтандыру жағдайлары өзінің сипаты, кезеңділігі және нақты саны және кез келген жылдағы жағдайлардың шамасы бойынша статистикалық әдістерді пайдалана отырып бағаланған жағдайлардан өзгеше болуы мүмкін.

(i) Сақтандыру қызметі бойынша стратегия

Компанияның сақтандыру қызметі бойынша стратегиясы теңгерімді портфельді қамтамасыз ету мақсатында әртараптандыру болып табылады. Бірнеше жылдар бойы стратегия ұқсас тәуекелдердің үлкен портфелін сақтауға негізделген және түпкілікті нәтиже мәндерінің таралуын азайтуға ықпал етеді.

Сақтандыру қызметінің стратегиясы сақтандыруға жататын қызмет түрлерін, қызмет сақтандыруға жататын аумақты және Компания сақтандыруға дайын қызмет салаларын айқындайтын бизнес-жоспарда көрсетілген.

Сақтандыру өнімдерінің тарифтері мен бағаларын есептеу ағымдағы нарықтық жағдайларды көрсетеді және қаржылық тәуекелдерді едәуір төмендетуге бағытталған болашақ нәтижелерді түзету үшін қажетті ең ықтимал болжамдарды қамтиды.

Сақтандыру өкілеттіктерін қатаң сақтауды басшылық үнемі қадағалап отырады. Компанияның Директорлар кеңесі арнайы рұқсатты қажет ететін мәмілелерді қарайды және бекітеді.

(ii) Қайта сақтандыру стратегиясы

Компания шығындар қаупін басқару және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру тәуекелдерінің бір бөлігін қайта сақтандырады. Компания Компанияның таза тәуекелін төмендету және төлем қабілеттілігінің нақты шегінен аспау мақсатында факультативтік қайта сақтандыруды және облигациялық қайта сақтандыруды сатып алады.

Берілген қайта сақтандыру несиелік тәуекелді қамтиды және мұндай қайта сақтандыру бойынша өтелетін сомалар резервтер мен үмітсіз қарыздарды шегергенде ұсынылады. Компания қайта сақтандырушылардың қаржылық жағдайларына үнемі мониторинг жүргізеді және қайта сақтандыру шарттарын мерзімді түрде қайта қарайды. Компания ай сайынғы негізде қайта сақтандырушылардың қаржылық және кредиттік рейтингіне мониторинг жүргізеді, сондай-ақ тоқсан сайынғы және жыл сайынғы негізде қайта сақтандырушылардың қаржылық тұрақтылығына талдау жүргізіледі.

Компания жеке жағдайдан туындайтын шығындар қаупін бақылау мақсатында шығындарды шектейтін кез-келген қайта сақтандыру келісімдерін пайдаланбайды.

(б) Сақтандыру шарттарының талаптары және жабылатын тәуекелдердің сипаты

Төменде сақтандыру шарттарына байланысты туындайтын ақша қаражаттарының болашақ қозғалыстарының сомасына, мерзімдеріне және белгісіздігіне айтарлықтай әсер ететін сақтандыру шарттарының талаптары көрсетілген. Сонымен қатар, төмендегі сипаттама компанияның негізгі өнімдері туралы және компанияның тиісті тәуекелдерді басқару тәсілдері туралы түсінік береді.

(i) Сақтандыру шарттары – басқа қаржылық шығындардан сақтандыру

Өнімнің ерекшеліктері

Басқа қаржылық шығындардан сақтандыру-шетелдік контрагент-импортердің келісімшартты орындауына қатысты экспорттаушы ұйымның мүліктік мүддесін қорғайды.

Өтелетін тәуекелдер

Саяси сипаттағы сақтандыру оқиғалары:

- транзит елінің мемлекеттік органының не қазақстандық тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті жеткізетін елдің әрекеті не шетелдік контрагент елінің экспроприациялау, тәркілеу, тауарға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге меншік құқығын шектеу жөніндегі әрекеті, экспорттаушыға меншік құқығында тиесілі орындалған жұмыстың нәтижесі;
- қазақстандық тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті жеткізу межелі елдің мемлекеттік органының осы тауарды жеткізуді, жұмысты орындауды, қызмет көрсетуді шектейтін немесе тыйым салатын күтпеген әрекеті;

- сақтандырылған келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі соғыс, азаматтық толқу, жаппай сипаттағы тәртіпсіздік;
- еркін айырбасталатын валютаға айырбастауды және/немесе төлем аударымын жүзеге асыруды шектейтін немесе тыйым салатын шетелдік контрагент елінің мемлекеттік органының күтпеген әрекеті.

Коммерциялық сипаттағы сақтандыру оқиғалары:

- шетелдік контрагенттің банкроттығы;
- шетелдік контрагенттің келісімшартқа сәйкес қаржылық міндеттемелерін орындамауы.

Тәуекелдерді басқару

Тәуекелдерді бағалау әрқашан экспорттаушы сақтандырғысы келетін мәміленің ерекшелігіне негізделеді. Компаниядағы тәуекелдерді бағалау екі компоненттен тұрады: саяси немесе елдік тәуекелдерді бағалау және коммерциялық тәуекелдерді бағалау. Жобаларды бағалау елдік (саяси) тәуекелді және контрагенттің шетелдегі сенімділігіне байланысты тәуекелді бағалау негізінде жүзеге асырылады.

Коммерциялық тәуекелдерді бағалау

Компания сатып алушының сенімділігін анықтау үшін әр мәмілені бөлек бағалайды. Коммерциялық тәуекелдерді бағалау кезінде Компания сатып алушы елді, саланы, нарықтық позицияны және қаржылық жағдайды бағалауға негізделеді.

Сақтандыру тәуекелін бағалау

Компания экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) жариялайтын тәуекелдер бойынша елдер тізіміне және елдердің жіктемесіне сәйкес елдік тәуекелдерді бағалайды. Бұл тізім сонымен қатар ЭЫДҰ-ға мүше елдердің экспорттық несиелерін сақтандыру агенттіктеріне елдердің санаттары бойынша сақтандыру мерзіміне байланысты сыйлықақы мөлшерлемелерін ұсынады.

(ii) Сақтандыру шарттары – Қарыздарды сақтандыру

Өнімнің ерекшеліктері

Қарыздарды сақтандыру экспорттаушы ұйымның (қарыз алушының) заңнамада және кредиттік шартта белгіленген тәртіппен кредиттік шарт бойынша міндеттемелерді орындамауға (тиісінше орындамауға) байланысты болған залалдарды өтеу міндетімен байланысты кредиттік ұйымның мүлдік мүддесін қорғайды.

Өтелетін тәуекелдер

Саяси сипаттағы сақтандыру оқиғалары:

- Кредиттік шарт бойынша міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде соғыс, азаматтық толқу, жаппай сипаттағы тәртіпсіздік;
- еркін айырбасталатын валютаға айырбастауды және/немесе төлемді аударуды шектейтін немесе тыйым салатын мемлекеттік органның күтпеген әрекеті.

Коммерциялық сипаттағы сақтандыру оқиғалары:

- Сақтанушының кредиттік шарттың талаптарына сәйкес ақшалай міндеттемелерді орындамауы (тиісінше орындамауы);
- Сақтанушының банкроттығы.

Тәуекелдерді басқару

Тәуекелдерді анықтау қарыз алушыны барабар бағалауға, оның қаржылық жағдайына, саяси, елдік және коммерциялық тәуекелдерді бағалауға негізделеді. Жобаларды бағалау қарыз алушының төлем қабілеттілігіне және оған әсер етуі мүмкін факторларға байланысты несиелік тәуекелін талдау негізінде жүзеге асырылады.

III) Сақтандыру шарттары-қаржы ұйымдарының шығындарын сақтандыр

Өнімнің ерекшеліктері

Қаржы ұйымдарының залалдарын сақтандыру экспорттаушы ұйымның (қарыз алушының) заңнамада және кредиттік шартта белгіленген тәртіппен кредиттік шарт, банк кепілдігі, аккредитив, валюталық шарт шеңберінде мерзімді валюталық мәміле бойынша міндеттемелерді орындамауына (тиісінше орындамауына) байланысты болған залалдарды өтеу міндетіне байланысты кредиттік ұйымның мүліктік мүддесін қорғайды.

Өтелетін тәуекелдер

Саяси сипаттағы сақтандыру оқиғалары:

